

Химия және биология пән әдіс бірлестігі

Тақырыбы:

Химия және биология сабақтарында жаңа инновациялық әдіс тәсілдер қолдана отырып білім алушыларға білім беру, шығармашылыққа баулу.

Мақсаты:

Оқытудың жаңа инновациялық өзгерістерін енгізу арқылы саралап оқыту принциптерін жүзеге асыру, ұлттық әдістерді дәріптей отырып, ой-өрісі дамыған, шығармашыл тұлға тәрбиелеу

Міндеттері:

- Оқушылардың сауаттылығын жетілдіру;
- Мониторинг жүргізу арқылы жеке қабілеттерін ашу;
- Оқушылардың шығармашыл қабілеттерін ашуға жағдай туғызу;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты тереңдету;
- Жаңа технологияларды кеңінен қолдану;
- Оқу-әдістемелік кешендерді жаңартып отыру;
- Оқу-тәрбие процесінде шығармашылық жұмыстарды кеңінен қолдану;
- Ата-ана, мектеп, қоғам, психолог арасындағы байланысты жетілдіру;
- Мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі пәндік олимпиада, интеллектуалды ойындарға катысу;

Күтілетін нәтиже:

- Мұғалімдер озық педагогикалық тәжірибелерді зерттейді, үйренеді, өз тәжірибесіне ендіреді;
- Өзінің әдістемелік шеберлігін, кәсіби деңгейін арттыру арқылы сапалы білімге қол жеткізеді;
- Ерекше қабілеті бар оқушыларды анықтап, қабілетіне қарай шығармашылыққа баулиды;

2021-2022 оқу жылына арналған химия және биология пән әдіс бірлестігінің жұмыс жоспары.

№	Жұмыс бағыттары	Негізгі іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Түпкі нәтиже
1	Әдістемелік жұмыс	1. ӘБ отырыстары 2. ӘБ кеңестерін өткізу. 3. Мектепішілік «Жыл мұғалімі» сайысы. 4. Мұғалімдер олимпиадасы.	Тоқс. 1 рет Кезінде Кезінде кезінде	Ертаева А.П. Ертаева А.П. ӘБ мүшелері ӘБ	Хаттама Хаттама Альбом

				мүшелері	
2	Сыныптан тыс жұмыстар	1. Пән апталығы 2. Пән бойынша олимпиада 3. Үйірме жұмысы 4. Мектепшілік сайыстар, кештер	Желтоқсан Қараша Үнемі Кезінде	Пән мұғалімдері	Альбом Хаттама Жоспар Хаттама
3	Пән бойынша білім стандартын орындау	1. Бақылау жұмыстарының кестесін жасау. 2. Әкімшілік тарапынан алынатын бақылау жұмыстары. 3. ОЖСБ-ға байланысты тест алу, талдау. 4. ҰБТ-ға байланысты тест алу, талдау. 5. Тоқсандық бақылау жұмыстарының нәтижесі. 6. Дарынды мен үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс	Қыркүйек Кезінде Қараша Қыркүйек Тоқсан соңында Үнемі	Ертаева А.П. Пән мұғалімдері	Кесте Жоспар Хаттама Хаттама Хаттама Жоспар
4	Мұғалімнің біліктілігін көтеру	1. Өзара сабақтарға, сыныптан тыс шараларға ену. 2. Біліктілігін көтеру курстанына қатысу. 3. Пән бойынша ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар өткізу.	Кесте бойынша Жоспар бойынша Жоспар бойынша	Пән мұғалімдері	Талдау Куәлік Жоспарлар
5	Мектеп құжаттамасы мен жұмыс	1. Өзара пән дәптерлерін тексеру. 2. Жас мамандардың журнал толтыруларын бақылау.	Үнемі Үнемі	Пән мұғалімдері. Тәлімгерлер	Талдау Анықтамa
6	Оқу кабинеттерін ің материалдық базасын нығайту жұмыстары	1. Пән кабинеттерін жаңа стендтер мен толтыру. 2. Пән кабинеттері байқауына қатыстыру. 3. Кабинеттерді көгалдандыру жұмыстары.	Тамыз Қыркүйек Кезінде Үнемі	Кабинет меңгерушілері	Стендтер Альбом

ПӨБ жетекшісі:

Ертаева А.П.

«Бекітемін»
мектеп директоры:
Ж.И.Жансеитова

**Химия және биология пән әдіс бірлестігінің 2021-2022 оқу жылына
арналған отырыстарының жұмыс жоспары.**

№	Отырыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	I-отырыс 1. Жаңа оқу жылына әдістемелік бірлестіктің іс-жоспарын бекіту. 2. Нормативтік құжаттармен, жаңа бағдарламалар және оқулықтармен танысу. 3. Пән бойынша жүктемелік сағаттарды бөлісу, мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын талқылау, бекіту. 4. Үйірме жұмысының тақырыбын, жоспарын талқылау, бекіту. 5. Озық тәжірибелі мұғалімдерді зерттеуге ұсыну. 6. Тереңдетілген сыныптарға қолданбалы және таңдау курстарына арналған бағдарламаларды талқылау, бекіту. 7. Жаңа оқу жылына ашық сабақтарды жоспарларлау, бекіту. 8. Пән мұғалімдерінің міндеттерін бөлісу. 9. Әртүрлі мәселелер.	30.08.2021ж	ӘБ жетекшісі Мүшелері
2	II-отырыс 1. I-тоқсан бойынша үлгермеуші оқушылармен жұмыс. 2. Кіші ғылыми- конференцияға оқушыларды дайындау, бекітілген мұғалімдердің есебін тыңдау. 3. Мұғалімдердің шығармашылық тақырыптары бойынша баяндамалар. 4. Біліктілік курстарынан өткен мұғалімдердің есебін тыңдау. 5. Дарынды оқушыларды олимпиадаға дайындау мәселелері. 6. Қосымша сабақтардың өтілу дәрежесі. 7. Мұғалімдердің шығармашылық есептерін тыңдау, талқылау. 8. Пән апталығының жоспарын жасау, бекітуге ұсыну. 9. Әртүрлі мәселелер.	04.11.2021ж	ӘБ жетекшісі Мүшелері
3	III-отырыс 1. I-жарты жылдық қорытындысын талдау. 2. Қолданбалы және таңдау курстарының өтілуін талқылау.	04.01.2022ж.	ӘБ жетекшісі Мүшелері

3. Пән мұғалімдерімен өзара тәжірибе алмасуын талқылау. 4. Түрлі байқаулар өткізу жоспарын жасау, ұйымдастыру мәселелері. 5. «Үздік кабинет» байқауына дайындық кабинеттердің материалдық техникалық базасын нығайту мәселелері. 6. Мұғалімнің шығармашылық жұмыстарының есебі. 7. Мектепшілік пед.оқуға дайындалған баяндамаларды талдау.Мұғалімнің шығармашылық тақырыбы бойынша баяндама. 8. Әртүрлі мәселелер		
ІҮ-отырыс 1. ІІІ-тоқсан қорытындысы (бақылау жұмыстарының қорытындысын талдау) 2. ОЖСБ қорытындысын талдау. 3. ҰБТ-ға дайындық барысын талқылау. 4. Сабақтарға қатысу бойынша жасалған тексеру нәтижесін талқылау. 5. Мұғалімдердің өз білімдерін көтеру жұмыстарының есебін таңдау және талқылау. 6. Бірлестіктегі жас мамандар мен жұмыс барысын талдау. 7. Шығармашылық есеп берудің әдіс-тәсілдерін, формаларын үйрену, талқылау. 8. Әртүрлі мәселелер	25.03.2022ж	ӘБ жетекшісі Мүшелері
Ү-отырыс 1. ҚР мемлекттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарындағы әрбір сыныптар үшін белгіленген міндетті білім беру деңгейінің орындалу барысын талқылау. 2. ІІ-жарты жылдықтағы бақылаужұмыстарының қорытындысын талдау, мониторинг жасау. 3. Үйірме жұмысы бойынша жыл бойы өткен ашық сабақтарды, талқылау. 4. Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің есебін тыңдау, талқылау. 5. Жас мамандармен жұмыс барысын қорытындылау. 6. Оқу жылындағы пән әдіс бірлестіктің бір жылдық жұмысын қорытындылау. 7. Мұғалімдердің шығармашылық жұмысының есебі. 8. Әртүрлі мәселелер.	26.05.2021ж	ӘБ жетекшісі Мүшелері

ПӘБ жетекшісі:

Ертаева А.П.

Химия және биология пәндерінің мұғалімдері
жайлы мәлімет

«Шарбұлақ» ЖОББМ 2021-2022 оқу жылы

№	мұғалімнің аты - жөні	туылған жылы, айы, күні	Қызметі	Жасы	Қандай оқу орынды бітірген	Білімі	Диплом бойынша мамандығы	Педагог стаж	Категория	Сабак беретін пәні	Курстан өткен жылы	Аттестат өткен жылы	Наградасы
1	Пернебаев Бейбіт Ниязбек ұлы	10.05.1975	мұғалім	46	ОҚМУ 1999ж	жоғары	Биология	22	Жоғарғы. Педагог-зерттеуші	Биология	2018	2018	Обл, АББ, мектеп
2	Ертаева Ақмарал Пернебайқызы	07.07.1976	мұғалім	45	ХҚТУ 1999ж	жоғары	Химия биология	26	I Педагог-зерттеуші	Биология	2020	2019	Обл, АББ. мектеп
3	Қамбарбеков Әбдісалам Әмзеулы	06.08.1969	мұғалім	52	ХҚТУ 2003ж	жоғары	Химия биология	18	II Педагог-модератор	Химия	2019	2018	АББ. мектеп
4	Джолдыбав Сырлыбек Амиралиевич	04.09.1985	мұғалім	36	Отыра р 2007ж	жоғары	Химия Биология	12	I Педагог-сарапшы	Биология	2019	2019	Обл, АББ. мектеп
5	Айтуғанова Мнира Жолдасовна	31.12.1985	мұғалім	36	СПУ 2008ж	жоғары	Химия Биология	10	II Педагог-сарапшы	Биология Химия	2020	2020	АББ, Мектеп

Пән әдіс бірлестігінің жетекшісі:

Ертаева А.П.

Хаттама № 1

Химия биология пән әдіс бірлестігінің отырысынан

Шарбұлақ е.м.

27.08.2021ж

«Шарбұлақ» ЖОББМ химия биология пән әдіс бірлестігінің кезекті отырысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1.2021-2022 оқу жылында аталған пәндерді оқыту жайлы әдістемелік нұсқау хатпен танысу.

Баяндамашы:Ертаева А.П.

2.Оқу жүктемесіне сәйкес сағаттарды бөлу.

Баяндамашы:Ертаева А.П.

3.Ұзақ мерзімді жоспарларды жасау,бекітуге ұсыну.

Баяндамашы:Ертаева А.П.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша ПӘБ жетекшісі Ертаева Ақмарал сөз алды.Ол ПӘБ мүшелеріне Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми –әдістемелік кеңесінің шешімімен(2021 жылғы 13 мамырдағы №5 хаттама) ұсынылған «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатпен қысқаша таныстырды.

Жалпы бұл нұсқау хатта ҚР білім беру ұйымдарының мектепалды және 1-11 сыныптарында 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі материалдар толық берілгендігін айтып өтті.Биылғы оқу жылының негізгі ерекшеліктерінің бірі-«Әліппе» мен «Букварь» пәндерінің қайтарылуы.Сондай-ақ мұғалімнің жүктемесінің 18 сағаттан 16 сағатқа азайтылуы, сабақ ұзақтығының 45 минутқа қайтарылуы,білім алушылардың оқу жүктемесінің төмендетілуі және мектепке қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігінің берілуі,яғни мектептердің академиялық таңдау мүмкіндіктерінің артуы.Сонымен қатар «Жаһандық құзіреттіліктер» таңдау курсын енгізу,сол арқылы оқушылар бойында қазіргі қоғамның талаптарына сай білім мен дағдыларды қалыптастыруға мүкіндік беру.

Білім алушылардың пандемияға байланысты қашықтықтан оқу кезінде білімдерінде туындаған олқылықтардың орнын толтыру,үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізуді жетілдіру,жазғы мектеп есебінен оқу мерзімін 20маусымға дейін ұзарту,міндетті формативті бағалау т.б. бірқатар

маңызды ерекшеліктері бар екендігіне тоқталды. Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту де назардан тыс қалмағанын айтып өтті.

2021-2022 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыруда басшылыққа алатын нормативтік құжаттар тізбесін оқып берді. (ӘНХ 6-7 бет) ҰМЖ немесе КТЖ жасау үшін оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңдерін жазып алуды ұсынды.

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі таңдап алынған Үлгілік жоспар негізінде жүргізіледі. Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына сәйкес бекітілген) оқу жоспарлары басшылыққа алынады. Ал таңдау үшін 2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілген Үлгілік оқу жоспарлары ұсынылатынын ескертті. Сонымен қатар педагогикалық кеңес шешіміне қарай жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу жоспарын таңдауға болатынын, Үлгілік оқу жоспарларын мектеп бойынша таңдауға, әр сыныпқа жеке-жеке, параллель сыныптарға таңдап алуға болатынын айтып өтті. Сабақ кестесін құру, жағдайға қарай оқу мен оқыту түрін таңдау, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар жайлы ДСМ бұйрығын көрсетіп өтті.

2021-2022 оқу жылындағы басты міндет-білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімдерін толықтыру, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты.

«Жаратылыстану» білім саласы бойынша берілген 48-кестедегі оқу жүктемесінің көлемімен таныстырды. (147-148 беттер) 5-9 сыныптардағы химия пәні аптасына төмендегідей :

7-сыныптарда 1 сағат, 8-сыныптарда 2 сағат, 9-сыныптарда 2 сағат

5-9 сыныптардағы биология пәні аптасына төмендегідей :

7-сыныптарда 2 сағат, 8-сыныптарда 2 сағат, 9-сыныптарда 2 сағат

10-11 сыныптардағы химия пәні аптасына төмендегідей :

10-сынып ЖМБ 2 сағат

10-сынып ҚГБ 1 сағат

11-сынып ЖМБ 2 сағат

11-сынып ҚГБ 1 сағат

10-11 сыныптардағы биология пәні аптасына төмендегідей :

10-сынып ЖМБ 2 сағат

10-сынып ҚГБ 1 сағат

11-сынып ЖМБ 2 сағат

11-сынып ҚГБ 1 сағат

Аталған пәндер бойынша әр сыныптағы БЖБ

санымен, зертханалық, сарамандық, модельдеу жұмыстарының санымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселені ортаға салып талқылауды ұсынды, яғни химия биология пәндері бойынша мұғалімдердің апталық жүктемесіне сағаттарды бөлу.

ӘНХ және ҚР БҒМ типтік оқу жоспарының 2012 жылғы 8 қарашадағы №415 және №500 бұйрығымен бекітілген №1 қосымшасын басшылыққа ала отырып сағаттар төмендегідей бөлінді, вариативті және инвариативті

компоненттер және үйден оқитын білім алушылардың оқу бағдарламасы бойынша:

Пернебаев Бейбіт-17 сағат, биология пәні.

Қамбарбеков Абдисалам- 16 сағат химия пәні.

Ертаева Ақмарал- 20 сағат биология пәні, «Жаһандық құзіреттіліктер» таңдау курсы, үйден оқыту.

Джолдыбаев Сырлыбек – 17 сағат биология пәні, үйден оқыту.

Айтуғанова Мнира- 16 сағат химия, биология пәндері, үйден оқыту.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша бірлестік жетекшісі қайта сөз алды.

Ол сыныптар және пәндер бойынша мұғалімдерге бөлініп берілген сағаттарға ұзақ мерзімді жоспарларды жасап дайындауды 31 тамыз күні аяқтауды ескертті. ҰМЖ дайындауда мұғалімдер ӘНХ пен ТОЖ (ТУП) басшылыққа алуларын, БЖБ сандарының дұрыс болуын, сабақтар мереке күніне түскен жағдайда сол тақырыпты алдыңғы немесе кейінгі оқу күндеріндегі тақырыптарға кіріктіруге болатынын айтты.

ОМЖ әр мұғалімде электронды нұсқада болса болатынын, әр сабаққа жасалатын ҚМЖ-ны 130- бұйрық бойынша жасауды және ҚМЖ-ны қағазға басып шығаруға немесе электронды нұсқада мұғалім өз жұмыс үстелінде сақтаса болатынын хабарлады.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жасалған хабарламаларды пән мұғалімдері толықтай түсінгендерін және бірауыздан келісетіндерін жеткізді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. 2021-2022 оқу жылында химия биология пәндерін оқытуда ӘНХ басшылыққа алу ПӘБ мүшелеріне міндеттелінсін
2. Оқу жүктемесіне сәйкес химия биология ПӘБ мұғалімдеріне бөлінген сағаттарды бекіту мектеп әкімшілігінен сұралсын
3. Ұзақ мерзімді жоспарларды тиісті мерзімге дейін жасап, дайындау, бекітуге ұсыну химия биология ПӘБ мүшелеріне міндеттелінсін

Жиналыс төрағасы (төраймы):.....
(қолы)

Ертаева А.П.
(аты-жөні)

Хатшысы:.....
(қолы)

Айтуғанова М.Ж.
(аты-жөні)

Шарбұлақ елді мекені

« 11» қыркүйек 2021 ж

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінде 11.09.2021 жылы химия биология пән әдіс бірлестігінің кезектен тыс отырысы болып өтті.

Қатысқаны: 5 мұғалім

Күн тәртібінде :

1.Қашықтықтан оқу кезінде пәндер бойынша оқу мақсаты күрделі болған,яғни оқушыларға қиын болған тақырыптар жайлы.

2.Оқу жылы басында алынған әндер бойынша бақылау жұмысының қорытындысына сәйкес білім сапасы төмен болған сыныптар және оның себептері жайлы.

3.Пәндер бойынша жасалған КТЖ сәйкес оқу мақсаты күрделі деген тақырыптарды ыңғайлы етіп өту туралы.

Баяндамашылар: Химия биология пәндері мұғалімдері

Тыңдалды:

«Шарбұлақ» ЖОББМ химия және биология пәндері бойынша оқушылардың оқу үлгерімінің бірінші бақылау жұмысының қорытындысы төмендегідей болды:биология пәні-орта балл:3.5 ,білім сапасы: 60

химия пәні-орта балл:3,3,білім сапасы:46,4 болғанын ПӘБ жетекшісі Ертаева Ақмарал баяндады.

Бірінші мәселеге байланысты төмендегі тақырыптардың оқу мақсаты күрделі,яғни қиындау болғанын пән мұғалімдері жеткізді.Биология пәнінен 9-сыныпта Нейрокомпьютерлік интерфейс,10-сыныпта АТФ синтезі.Глюкозаның анаэробты және аэробты ыдырау кезеңдері.11-сыныпта Репликацияның,репарацияның,рекомбинацияның генетикалық үдерістерінің қателіктері.9,11-сыныптарда осы тақырыптарға статистикалық есептер күрделі дәрежеде берілген.

Химия пәнінен 8-інші сыныпта Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару,9-сыныпта Тотығу дәрежесі және тотығу-тотықсыздану реакциясын электрондық баланс әдісімен теңестіру.Бұл тақырыптарға берілген есептерді білім алушыларға қашықтықтан үйрету қиын болды.

Мектепте 10,11-сыныптарға химия пәнінен сағаттар таңдау курсы ретінде берілген,яғни аптасына сабақ 1 сағат,таңдау тақырыбы бойынша өтіледі.

Екінші мәселе бойынша да пән мұғалімдері өз ойларын айтты.Биология және химия пәндерін салыстырсақ, химия пәнінен білім сапасы 43,7 болды,яғни төмен.Оның себептері:Өткен оқу жылында интернет жылдамдығының біздің елді мекендегі нашарлығынан сабаққа байланысты жіберілген материалдарды оқушылар кешіктіріп көруі,кей балалар қажетті дүниелерді өз телефондарынан мүлдем аша алмауы болғанын жеткізді

мұғалімдер.Жалпы аталған екі пән бойынша да қашықтықтан оқыту мен оқу форматы мұғалімдерге де оқушыларға да қиындықтар туғызды .7,8-сыныптар бағдарламасында зертханалық жұмыстардың көптігі,9-11 сыныптарда бағдарламаның күрделенуі,модельдеу тапсырмаларының жұмыстарын тәжірибе ретінде жасауы жеткіліксіз болды.Сондай ақ оқу жылында мерекелік демалыс күндерінің көп болуына байланысты,стандартты игеру үшін кейбір тақырыптарды біріктіріп өтуге мәжбүр болдық.Оқушылардың тиісті стандартты игеруі осындай түрлі себептерге байланысты төмендеген.

Алдағы уақытта бұл кемшіліктерді жоюға мүмкіндіктер болады деді пән мұғалімдері. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша пән мұғалімдері өз ұсыныстарын жеткізді. 7-9 сыныптарда биология пәнінен айтарлықтай қиын тақырыптар жоқ. Химия пәні мектепте 7-9 сыныптарда стандартқа сәйкес сағаттар бойынша, ал 10-11 сыныптарда таңдау курстары ретінде өтіледі. Олқылықтарды жою мақсатында ПӘБ пәндер бойынша төмендегідей жоспар жасауды ұсынды.

Биология:

10-сынып

1.64-65 тақырыптар Онкологиялық жаңа түзілулер. Обыралды жағдайлардың пайда болуы.

2.88-тақырып Жер бетінде тіршіліктің қалыптасу кезеңдері.

3. 91-тақырып Кладограмма құрастыру. Модельдеу.

11-сынып

1. Дезоксирибонуклеин қышқылының метилденуі. (2 сағатқа бөлу керек)

2. Электромагниттік және дыбыс толқындарының адам ағзасына әсер ету ерекшеліктері. (2 сағатқа бөлу керек)

Химия:

9-сынып

1. Азот және оның қосылыстары.

2. Күкірт және оның қосылыстары.

3. №6 практикалық жұмыс: «Аммиактың алынуы, оның қасиеттерін зерттеу», «Аммиак өндірісі»

Жиналыс қаулы етеді:

1. Қашықтықтан оқу кезінде ІІ тоқсанда пәндер бойынша оқу мақсаты күрделі болған, оқушыларға қиын болған тақырыптардың орнын толтыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.
2. Алдағы уақытта аталған кемшіліктерді жою пән мұғалімдеріне жүктелсін.
3. Пәндер бойынша оқу жылына жасалған КТЖ сәйкес оқу мақсаты күрделі деген тақырыптарды ыңғайлы етіп өту жоспарын бекіту мектеп әкімшілігінен сұралсын.

Жиналыс төрағасы (төраймы):.....
(қолы)

Ертаева А.П.
(аты-жөні)

Хатшысы:.....
(қолы)

Айтуғанова М.Ж.
(аты-жөні)

Хаттама №3

Шарбұлақ елді мекені

«02 » қараша 2021 ж

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінде 02.11.2021 жылы химия биология пән әдіс бірлестігінің кезектен тыс отырысы болып өтті.

Қатысқаны: 5 мұғалім

Күн тәртібінде :

1. I тоқсан бойынша химия және биология пәндерінен оқушылардың оқу үлгерімінің қорытындысы жайлы.

2. I тоқсан қорытындысы бойынша орын алған олқылықтарды жою жолдары жайлы.

3. Түрлі мәселелер.

Баяндамашылар: Химия биология пәндері мұғалімдері

Тыңдалды:

«Шарбұлақ» ЖОББМ химия және биология пәндері бойынша оқушылардың I тоқсан соңындағы оқу үлгерімінің қорытындысы жайлы ПӘБ жетекшісі Ертаева Ақмарал баяндады.

Бірінші мәселеге байланысты I тоқсанда аталған пәндер бойынша сабақтардың сабақ кестесіне, талапқа сай өткізілуі жайлы, КТЖ игерілуі жайлы, 130-бұйрыққа сәйкес ҚМЖ жазылуы жайлы, БЖБ мен ТЖБ уақытында, талапқа сай алынуы, тексерілуі, модерацияға ұсынылған жұмыстардың дұрыс бағалануы жайлы, Күнделік kz , яғни электрондық журналдың жүргізілуі жайлы және де химия және биология пәндері бойынша оқушылардың I тоқсан соңындағы оқу үлгерімінің қорытындысы жайлы мәселелер ортаға салынды.

Аталған жұмыстардың орындалуының жетістіктері мен кемшіліктері талқыланып, кемшіліктерді жою жолдары ұсынылды.

Сондай ақ ПӘБ жетекшісі Ертаева Ақмарал күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша, яғни химия және биология пәндері бойынша оқушылардың I тоқсан соңындағы оқу үлгерімінің қорытындысы төмендегідей болғанын атап өтті .

Биология пәнінен мектеп бойынша 7-11 сыныптардағы 345 оқушының білімдері қорытылып, бестігі-76, төрттігі-155, үштігі-114 болғанын, сәйкесінше білім сапасы-67%, оқу үлгерімі-100%, орта балл-3,8 болғанын, ал химия пәнінен мектеп бойынша 8 -11 сыныптардағы 239 оқушының білімдері қорытылып, бестігі-35, төрттігі-72, үштігі-132 болғанын, сәйкесінше білім сапасы-46,4%, оқу үлгерімі-100%, орта балл-3,5 болғанын жеткізді. I тоқсан бойынша оқу үлгерімінде жіберілген кемшіліктер талқыланды.

Екінші мәселе бойынша ПӘБ пән мұғалімдері өз ойларын айтты. Биология және химия пәндерін салыстырсақ, химия пәнінен білім сапасы 46,4 болды, яғни төмен. Оның себептері: Өткен оқу жылында интернет жылдамдығының біздің елді мекендегі нашарлығынан сабаққа байланысты жіберілген материалдарды оқушылар кешіктіріп көруі, кей балалар қажетті дүниелерді өз телефондарынан мүлдем аша алмауы болғанын жеткізді мұғалімдер. Жалпы аталған екі пән бойынша да қашықтықтан оқыту мен оқу форматы мұғалімдерге де оқушыларға да қиындықтар туғызғанын . 7,8- сыныптар бағдарламасында зертханалық жұмыстардың көптігі, 9-11

сыныптарда баағдарламаның күрделенуі, модельдеу тапсырмаларының жұмыстарын тәжірибе ретінде жасауы жеткіліксіз болғанын айтты. Алдағы уақытта бұл кемшіліктерді жоюға мүмкіндіктер болады деді пән мұғалімдері.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша түрлі мәселелер талқыланды. Яғни алда болатын аудандық оқушылар және мұғалімдер олимпиадасына оқушыларды дайындау жайлы және мұғалімдер олимпиадасына дайындықпен қатысу жайлы, түрлі бағыттағы онлайн және офлайн байқауларға белсене қатысу жайлы мәселелер талқыланды. ПӘБ мүшелері көтеріліп отырған мәселенің орынды екенін және оған кезінде белсенділік танытатындықтарын жеткізді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. I тоқсан бойынша химия және биология пәндерінен оқушылардың оқу үлгерімінің қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Алдағы уақытта аталған кемшіліктерді жою пән мұғалімдеріне жүктелсін.
3. Олимпиадаға және түрлі байқауларға оқушы дайындау, қатыстыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.

Жиналыс төрағасы (төраймы):.....
(қолы)

Ертаева А.П.
(аты-жөні)

Хатшысы:.....
(қолы)

Айтуғанова М.Ж.
(аты-жөні)

Хаттама №4

Шарбұлақ елді мекені

«05 » қантар 2022 ж

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінде 05.01.2022 жылы химия биология пән әдіс бірлестігінің кезектен тыс отырысы болып өтті.

Қатысқаны: 5 мұғалім

Күн тәртібінде :

1. II тоқсан бойынша химия және биология пәндерінен оқушылардың оқу үлгерімінің қорытындысы жайлы.

3. Түрлі мәселелер.

Баяндамашылар: Химия биология пәндері мұғалімдері

Тыңдалды:

«Шарбұлақ» ЖОББМ химия және биология пәндері бойынша оқушылардың I тоқсан соңындағы оқу үлгерімінің қорытындысы жайлы ПӘБ жетекшісі Ертаева Ақмарал баяндады.

Бірінші мәселеге байланысты II тоқсанда аталған пәндер бойынша сабақтардың сабақ кестесіне, талапқа сай өткізілуі жайлы, КТЖ игерілуі

жайлы, 130-бұйрыққа сәйкес ҚМЖ жазылуы жайлы,БЖБ мен ТЖБ уақытында,талапқа сай алынуы,тексерілуі,модерацияға ұсынылған жұмыстардың дұрыс бағалануы жайлы,Күнделік kz ,яғни электрондық журналдың жүргізілуі жайлы және де химия және биология пәндері бойынша оқушылардың І тоқсан соңындағы оқу үлгерімінің қорытындысы жайлы мәселелер ортаға салынды.

Аталған жұмыстардың орындалуының жетістіктері мен кемшіліктері талқыланып,кемшіліктерді жою жолдары ұсынылды.

Сондай ақ ПӘБ жетекшісі Ертаева Ақмарал күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша,яғни химия және биология пәндері бойынша оқушылардың І тоқсан соңындағы оқу үлгерімінің қорытындысы төмендегідей болғанын атап өтті .

Биология пәнінен мектеп бойынша 7-11сыныптардағы 365 оқушының білімдері қорытылып, бестігі-82,төрттігі-139,үштігі-144 болғанын,сәйкесінше білім сапасы-60,5%,оқу үлгерімі-100%,орта балл-3,8 болғанын,ал химия пәнінен мектеп бойынша 7 -11сыныптардағы 365 оқушының білімдері қорытылып, бестігі-64,төрттігі-121,үштігі-178 болғанын,сәйкесінше білім сапасы-34,4%,оқу үлгерімі-100%,орта балл-3,6 болғанын жеткізді.І тоқсан бойынша оқу үлгерімінде жіберілген кемшіліктер талқыланды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша түрлі мәселелер талқыланды.Яғни алда өткізілетін химия биология пәндерінің апталығына оқушылар және мұғалімдер дайындықпен қатысу жайлы .Және де соған сәйкес апталықтың жоспарын түзу,апталық кезінде атқарылатын жұмыстар,ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар,жалпы дайындық барысы талқыланды.Түрлі бағыттағы онлайн және офлайн байқауларға белсене қатысу жайлы мәселелер талқыланды.ПӘБ мүшелері көтеріліп отырған мәселенің орынды екенін және оған кезінде белсенділік танытатындықтарын жеткізді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. ІІ тоқсан бойынша химия және биология пәндерінен оқушылардың оқу үлгерімінің қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Алдағы уақытта аталған кемшіліктерді жою пән мұғалімдеріне жүктелсін.
3. Пән апталығына және түрлі байқауларға қатысу, оқушы дайындау, қатыстыру пән мұғалімдеріне жүктелсін.

Жиналыс төрағасы (төраймы):.....
(қолы)

Ертаева А.П.
(аты-жөні)

Хатшысы:.....
(қолы)

Айтуғанова М.
(аты-жөні)

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы «Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебінің химия,биология, жаһандық құзіреттілік пәндері мұғалімдерінің І жартыжылдықта атқарған жұмыстарының қорытындысы туралы

ЕСЕП

ПӘБ жалпы бес мұғалім жұмыс жасайды.Барлығы жоғары білімді. Еңбек өтілдері 10-26 жыл аралығында.Осы оқу жылындағы сағат жүктемелері 16-19 сағат аралығында .ПӘБ мұғалімдерден педагог-зерттеуші-2 ,педагог-сарапшы-2,педагог-модератор-1.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары бойынша мұғалімдер мерзімінде білім арттыру және білім жетілдіру курстарынан өтті .Атап айтқанда жаңартылған бағдарлама негізінде барлық мұғалім,PISA курсынан Қамбарбеков А,Айтуғанова М,Ертаева А өтті,сертификат алды.Сондай- ақ 2022 жылға қысқа мерзімді курстардан,пәні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан,жаңартылған бағдарлама бойынша курстан өту жоспары жасалды.

Химия биология пән әдіс бірлестігінің жетекшісі Ертаева Ақмарал,бірінші санатты мұғалім, еңбек өтілі 26 жыл. Пән әдіс бірлестігінің жылдық жоспары жасалынып ,бекітілген. Бірлестіктің отырыстары жоспар бойынша, яғни мерзімінде өткізіліп отырады,тиісті хаттамалар жазылған. Мұғалімдердің ұзақ мерзімді жоспарлары,ашық сабақтары, шығармашылық тақырыптары, біліктілік курстарынан,аттестациядан өту,өзара сабаққа ену жоспарлары жасалынған.

Мектепте 1 химия, 1 биология кабинеттері жұмыс жасайды. Кабинеттер мектептің ішкі құрылымына сай жабдықталған. Оқу жылына арналған кабинет жоспарлары жасалынған. Кабинеттердің жабдықталуы мен безендірілуі заман талабына сай . Оқу материалдық базасы толықтырылуда. Химия және биология пәндері бойынша зертхана бөлмесі бар ,зертхана қызметкерлері пән мұғалімдерінің сұраныстарын уақытында орындайды. №1,2 химия ,биология кабинетіндегі интерактивті тақтаның проекторының лампасы дұрыс жұмыс істемейді.Қажетті деген заттарға мектеп директорының атына сураныс жасалады. Жалпы кестелер, сызбалар, макеттер, тест материалдары, мультфильмдер, плакаттар жинақталған.

Химия биология пән әдіс бірлестігінде жалпы 5 мұғалім жұмыс істейді. Барлығы жоғары білімді.Жоғары санаттысы-1,I санатты-2,II санатты-2,санатсыз-1.Еңбек өтілдері 10-25 жыл аралығында.2021-2022 оқу жылындағы сағат жүктемелері төмендегідей болды: Ертаева А-21,Пернебаев Б-18,Қамбарбеков Ә-18,Джолдыбаев С-19және Айтуғанова М-16 сағат.Қыркүйек айының бесіне дейін мұғалімдер апталық жүктемесі бойынша ҰМЖ жасап, бекітілді.Үйде оқитын оқушылардың биология және химия пәндері тиісті мұғалімдерге бекітілді .Жоспары жасалып,бекітілді.Сондай ақ пән кабинеттері меңгерушілері болып төмендегі мұғалімдер бекітілді:Пернебаев Б-№2 биология кабинеті,Ертаева -№1 химия кабинеті.Жоспарлары жасалған..Аттары аталған барлық мұғалімдер жоспарға сай жұмыстарын атқаруда:қысқа мерзімді сабақ жоспарларын жазу,тексерту,күнделікті сабақта оқушыларды формативті бағалау ,БЖБ,ТЖБ жұмыстарын алу,балл қою, Күнделік kz,яғни электронды журналмен жұмыс.

2021-2022 оқу жылына арналып жасалған ПӘБ жұмыс жоспарына сәйкес I жартыжылдықта төмендегі жұмыстар атқарылды.ӘБ отырыстарының,ӘБ кеңестерінің,пән апталығының, бақылау жұмыстарының,өзара сабаққа енудің,біліктілік көтеру курстарының,пән бойынша ашық сабақтар мен

сыныптан тыс іс-шаралардың, дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасаудың, ҰБТ және ББЖМ дайындық жоспарлары жасалды. Оқу жылының бірінші жарты жылдығында өткен пәндер олимпиадасының аймақтық кезеңінде оқушылар жүлделі орындарға ие болып, аудандық оқушылар пән олимпиадасына жолдама алды. Атап айтқанда олимпиадаға биология пәнінен қатысқан 9-сынып оқушысы Оразалы Ұлжан қаңтар айында өтетін аудандық пән олимпиадасына қатысатын болады. Және де 7-8 сыныптар арасында өткен аудандық оқушылар арасындағы пәндер олимпиадасына қатысқан оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болды-Шалқар Думан 8- сынып, биология пәні-III орын, Оңғар Нұрай 7-сынып, химия пәні-III орын, Тағай Жанат сынып, химия пәні, III орын. Сондай ақ пән мұғалімдерінің аудандық олимпиадасында биология пәні мұғалімі Айтуғанова Мнира қатысты. Сырттай өткізілген «Үздік әдістемелік басылым» байқауына «Әдістемелік жұмыс» бағыты бойынша Ертаева Ақмарал қатысты, нәтижесі шыққан жоқ.

Мектеп бойынша бітіруші түлектерден үш сыныпты қосқанда 9 оқушы химия пәнін, 12 оқушы биология пәнін таңдаған. Пән мұғалімдері Қамбарбеков Әбдісалам, Джолдыбаев Сырлыбек. Химия пәні бойынша жалпы 7-15 балл аралығында, биология пәні бойынша соңғы орта балл–21 балл. Бұл пән мұғалімдерінің өздері алып жүрген тестілеулері бойынша. Мектеп тарапынан осы кезге дейін 2 рет тест алынды.

Пән апталығы желтоқсан айының 6-11 аралығында өтті, Апталықтың іс-шара жоспары жасалып, соған сәйкес жұмыстар атқарылды. Апталық тақырыбына сай ұйымдастыру жұмыстары, апталықтың ашылуы талапқа сай өтті, қабырға газеттерін шығару, безендіру жұмыстарын жасау да жоғары деңгейде өтті. Апталықтың негізгі бөлімінің жоспарына сай пән мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізді. Атап айтқанда биология пәнінен Пернебаев Бейбіт 8 «А»-сыныбында «Жүрек қантамырлар жүйесі аурулары. Аурудың себептері. Салауатты өмір салты», Джолдыбаев Сырлыбек 9 «А»-сыныбында «Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер», Ертаева Ақмарал 7 «Б»-сыныбында «Тысалу мүшелері», химия пәнінен Айтуғанова Мнира 9 «А»-сыныбында «IIA топ элементтері олардың қосылыстары», Қамбарбеков Әбдісалам 7 «В»-сыныбында «Қышқылдық және негіздік оксидтер» тақырыбында ашық сабақтар өткізді. Сонымен қатар сыныптан тыс іс-шаралар да өтті. Айтуғанова Мнира, Қамбарбеков Әбдісалам 7-8 сыныптар арасында химия пәнінен «Қызықты химия» атты сайыс сабақ, Ертаева Ақмарал 7-сыныптар арасында биология пәні бойынша «Қазақстанның жануарлар және өсімдіктер әлемі» атты сайыс сабақ, Джолдыбаев Сырлыбек, Пернебаев Бейбіт 9-11 сыныптар арасында «Қайда қарасақ та көретініміз химия және биология ғажайыптары» атты интеллектуалды сайыс сабағын өткізді. Сабаққа қатысушы оқу ісінің меңгерушісі, пән мұғалімдері өтілген сабақтарға «жақсы» деген пікір білдірді. Жіберілген оқшылықтар мен оны болашақта жою аталған пән мұғалімдеріне ескертілді. Апталықты қорытындылау және жабу іс-шарасы да өз деңгейінде өтті, сыныптар мен жекелеген оқушылар марапатталды.

Сондай-ақ пән кабинеттері заман талабына сай жаңа жабдықтармен толықтырылды.

I жартыжылдық және II тоқсан қорытындысы бойынша:

Биология пәні : орта балл-3,8,үлгерім-100%, білім сапасы-61%

Химия пәні: орта балл-3,6,үлгерім-100%,білім сапасы-51%

Барлық сыныптардағы биология және химия пәндерінің ЖББ,ЖБТ балдары
модерациядан кейінгі нәтижеге сәйкес болды

Есепті дайындаған: _____ Ертаева А.П.

(қолы) (аты-жөні)

Хатшысы: _____ Айтуғанова М.

(қолы) (аты-жөні)